"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
РММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код РГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2263 28.04.2018

«Қазбілімжабдық» Өндірістік фирмасы» ЖШС-нің директоры А.З.Сыздыковқа

(Кіріс:13.04.2018ж. ЗТ-С-677)

Сіздің 12.04.2018 жылғы №26 арызыңызға Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай – Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сай жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды.

«Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 2018 жылдың 1 ақпанында веб-порталға ашық конкурс тәсілімен жарияланған №2266049-1 «ОҚО, Қазығұрт ауданы Тұрбат ауыл округі Тұрбат елді мекеніндегі «Қазанның XXX жылдығы» жалпы орта мектебінің ғимаратын күрделі жөндеу» хабарландыру бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамаларының талаптарына сәйкес келуіне камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(ары қарай – Қағидалар)* 5-қосымшасының ескерпесінде егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Бірақ, Сіздің шартты бағаңыз басқа әлеуетті өнім берушілерден жоғары болғандықтан, конкурстың қорытындысына әсер етпейді.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын: О.Ажибеков
тел 35-00-35 (ішкі: 116, 117)